

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.03.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ — СОДЕРЖАНИЕ — CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

АКМАГАМБЕТОВА Б.Е., САРСЕКЕ Г.Ә., ШАХИН И.	Сұхбат дискурсындағы коммуникативті стратегия мен тактика: қолданыс ерекшеліктері	7
БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., СЕРДАЛИНА С.К.	Ділдік лексикон және қостілділік	22
DOSZHAN Z.A., YERSULTANOVA G.T., KNASSANOVA M.T.	Lexicalising myth and cultural memory: a comparative study of kazakh and english mythologemes	31
ЕСКЕЕВА М.Қ., РАЙНБЕКОВА Г.С.	Түркі халықтарының тұрмыстық лексикасы: тарихи және мәдени аспектілері	40
ЖЫЛКЫБАЕВА М.С., САПАРБАЙҚЫЗЫ Ш., СПАТАЕВА С.Т.	Қытай және басқа да шығыс дереккөздеріндегі көне түркі қала атауларында кездесетін -кент/-кет формантының тарихи-лингвистикалық ерекшеліктері	48
ИСКАКОВА Г.Ж., ТЛЕУБЕРДИНА Г.Т., ТАҢСЫҚБАЙ Ә.Қ.	Көркем мәтінді комикс форматына бейімдеудің лингвистикалық негіздері: отандық әдебиетке шолу	57
МАНАПБАЕВА Ж.Ж., АЛПЫСБАЕВА А.Е., ЖУСУПОВА А.У.	Аударма сапасын бағалау тәжірибесі	67
ОСПАНОВА Ф.А., БАЛХИМБЕКОВА П.Ж.	Бизнес терминологиясындағы кірме сөздердің ерекшеліктері	79
SAKYEVA G.O., IBRAIMOVA L.A.	The importance of lexical classification of film discourses in creating a multimedia corpus (based on the film “Alty jasar Alpamys” (“Six-year-old Alpamys”))	90

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДУЛЛИНА А.Б., СҰЛТАҒАЛИЕВА О.Қ., СЕЙСЕМБАЕВА Ж.А.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез поэтикасы мен символикасы	98
ALIYEV Y.N., TOIBAZAR A.M., TURDALI T.	The historical figure and the epic hero in kazakh epic poetry (based on the epic of Edige)	108
АЛИМКАНОВА Г.Б., ЖҮСІПОВ Н.Қ.	Ғалым Едіге Тұрсыновтың түркі халықтары фольклоры туралы тұжырымдары	121
ӘЛТАЙ А.Д., ЖӘЛЕЛОВА М.С., ҚИАРЫСТАНОВА Г.Қ.	Қадыр Мырза Әли поэзиясындағы ауыл концептісі және ұлттық болмыс	130
БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Ж. Бектұров шығармаларындағы азаттық сарын	140
YERZHANOVA F.M., IBRAEVA ZH.B., MUKANOVA ZH. R.	Reinterpreting the fairy tale: modern trends in kazakhstani children’s literature	151

GALYMZHANOVA Z.T., BAYTANASOVA K.M., KALIYEV A.K.	The narrative structure in S. Seifullin's novel «A hard road, a perilous journey»	162
ИБРАГИМОВА Д.Қ., АСЫЛБЕКҰЛЫ С., ТОҚШЫЛЫҚОВА Г.Б.	Жазушы Сайын Мұратбековтің сыншылық қыры	171
ИХСАН Д.М.	Түркістан мерзімді баспасөзінде ұлттық фольклордың жариялануы мен зерттелуі	181
КЕНЖЕҚОЖАЕВА А.М., ЖУСАНБАЕВА С.Б.	Метапоэтиканың метамәтіндік өлшемдері (А. Құнанбайұлы шығармашылығы негізінде)	192
МАКАТОВА А.А., ӘБСАДЫҚ А.А.	«Абай», «Сана», «Таң» журналдарындағы қазақ фольклор материалдары	202
МҰСТОЯПОВА А.Т., ИБРАИМОВА Ж.Ж., ЖАМАНОВА Ж.Ж.	Джордж Оруэлдің «1984» романындағы псевдокарнавал поэтикасы	211
НҮРБАЕВА А.Н., ТӨЛЕБАЕВА Қ., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Прецеденттік құбылыстардың көркем мәтіндегі қолданысы (Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары негізінде)	222
НҮРБАНОВА А.Қ.	Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы білім мен тәрбие құндылықтары	235
СӘРСЕНБАЕВА Ж.Б., ҚҰРМАНБАЙ А.П., ОБАЕВА Г.С.	Айгүл Кемелбаеваның «Мұнара» романындағы әйел бейнесі: архетип және сана трансформациясы	245
СЕЙПУТАНОВА А.Қ., НУРЛАНОВА А.Н.	Ш. Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресіндегі» қазақ рулары туралы мәліметтердің тарихи негізі	257
ХАМИДОВА А.Х., КАНАФИНА М.А., ЖУМСАКБАЕВ А.Т.	Женский иронический детектив как форма социокультурного комментария (на материале романа Дарьи Донцовой «Маникюр для покойника»)	267

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

КАЙЫРБАЕВА Ж.К., РАХМЕТОВА Р.С.	Оқушылардың сөзсаптамын тілдесім әрекеті негізінде дамытудың педагогика-психологиялық аспектісі	275
KOILYBAYEVA R.K., KUSMANOVA K.A.	Formation of family values in children on the basis of family discourse	388
МАЖИЕВА Н.А., БАЛТАБАЕВА Н.С., А.БЕРКЕНОВА Р.	ЖОО-да қазақ эпостарды жобалық әдістеме арқылы оқыту	299
ОРАЗ А.Н., МАЛИКОВ Қ.Т., РАМАЗАНОВА Г.Х.,	Қазақ тілін оқытуда корпусстық тәсілдердің лексикалық дағдыларды қалыптастыруға ықпалы	309
ТЕЛГОЖАЕВА Қ.С., ОДАНОВА С.А., ЖАЙЛАУБАЕВА М.Қ.	Ұлттық-мәдени код негізіндегі виртуалды жиі жүйесі: тіл үйренушілердің икемді дағды күзіреттілігін қалыптастыру	334
ТОҒЫЗБАЙ Н.Б., ЕРСУЛТАНОВА Г.С., ЖУМАХАНОВА Н.Н.	ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі өнімді сөйлеу әрекеттерінің ерекшеліктері	346

Д.Қ. ИБРАГИМОВА¹С. АСЫЛБЕКҰЛЫ²*Г.Б. ТОҚШЫЛЫҚОВА³

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы,
Қазақстан^{1,2,3}

(e-mail: dinaibragimova2025@gmail.com¹, serik051@mail.ru²,
gulnaz_lit75@mail.ru³)

ЖАЗУШЫ САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ СЫНШЫЛЫҚ ҚЫРЫ

Аңдатпа. Мақалада әлем әдебиетінің алтын қорына «Жусан исі», «Жабайы алма» атты үздік туындыларымен енген Сайын Мұратбековтің сарабал сыншылық қасиеті сөз болады. Оның сыни мақалалары – автордың білім парасатын ғана емес, айқын, берік тенденциясының, талантты тани білетін аңғарымпаздығының көрсеткіші, зияткерлікті зерделеудің ерен үлгісі. Парасат пайымы мен эрудициясы білінетін білікті әдебиетшінің ой жүйесі қисынды, пікірі айқын.

Балалар әдебиетінің классигі, аудармашы, прозаик Мұратбековтің сыни сипаттағы мақалалары бүгінге дейін зерттеу нысаны болған жоқ. Зерттеудің ғылыми жаңалығы ретінде С.Мұратбековтің ғылыми сипаты терең, азаматтық позициясы айқын танылатын сыни, танымдық мақалаларының алғаш зерделенуін айтуға болады. Қазақ жазушыларының болмыс-бітімін, кісілік келбеті мен қабілет-қарымын танытатын, өз пікірін олар жазған шығарманың көркемдік шырайымен сабақтастыратын, қала берді зерттеушілік зеректігін аңғартатын мақалаларында Б.Майлин, Б.Соқпақбаев, М.Мақатаев, Қ.Ысқақ, Р.Тоқтаров, Б.Тоғысбаев, О.Сүлейменов сынды қаламгерлердің шығармашылық портреті сомдалған. Сыншы әр жазушының сюжет құру шеберлігіне, адам өмірі мен характерінің шындығын ашқандығына бойлай отырып, олардың ұлт әдебиетіндегі орнын да айқындап береді. Шығармашылық тұлғалардың әдеби портретін сомдау барысында сыншы барды бағалайды, әдебиет әлеміне көркемдік өріс ашқан қадау-қадау туындыларындағы ақиқатты айтады.

Мұратбеков мақалаларының құндылығы – әрбір сөз еткен жазушысын өз көзімен көріп, аралас-құралас болып, жан дүниесінің нәзік қатпарын, қалың жұрт біле бермейтін құпиясын білгендіктен, шығармасының астарын ашып, тереңіне бойлай алғандығында деуге болады. Авторлар пайымдау, талдау, салыстыру, қорыту әдістерін пайдалана отырып, сыншының өзгеше бір нұсқалы таным-пайымы, парасатты ой-пікірлерінің өрістілігі, түйін-тұжырымдарының дәлдігін ашып көрсетуге талпыныс жасайды. Зерттеу нәтижесін тұлғатану, шығармашылық зертхана бағытындағы еңбектер жазуда, «Қазақ әдебиетінің сыны», «Қазақ әдебиеті» курстарында пайдалануға болады.

Түйін сөздер: шығармашылық портрет, зерттеушілік зерде, тұлғатану, зертхана, дерек, тұлға, типология.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің көрнекті балалар жазушысы ретінде танымал Сайын Мұратбековтің суреткерлік келбетін құрайтын қырларының бірі – оның сыншылдығы деуге

болады. Ауыл, бала өмірін тереңнен толғаған прозасы мен көркем аудармалары лайықты бағасын алғанымен, бүгінге дейін сыншылық қырына жете мән берілмеді. Шығармашылық зертханасына үңіле қарап, індетте зерттегенде оның адамдық болмысын танытатын әрі әдебиетке келуіне, өзіндік сара жолын салып, сирек дарын иесі ретінде танылуына мұрындық болған ағалар салған сара жол мен дәстүрге адалдық екенін пайымдау қиын емес. Қаламгерлер жайындағы білгірлікпен айтқан, орнықты түйін-тұжырымға толы мақалалары сын кітап болып шықпаса да жеке тұлғаның шығармашылық зертханасын зерттеу үшін қажет әрі маңызды екендігі белгілі. Кәсіби әдебиеттанулық зерттеу демесек те, жазушылардың идеялық-шығармашылық принциптеріне жан-жақты қарап, ұлттық сөз өнерінің өткені мен бүгінгі тәжірибесіне қосылған үлес деп қарауға немесе эстетикалық ойды тереңдетудің бір жолы ретінде танып, бағалауға болады. Мұратбеков пайымы жолдас-жоралық ниеттен, субъективизмнен ада. Сыншының қатардағы оқырманнан басты айырмашылығы кәсіби пән сөздері арқылы көркем мәтінді таныту екенін басты назарда ұстаған. «Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек, бірақ қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек. Бұған ғылым білімінен гөрі өнер білімі көбірек керек! Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек» [1, 77] деген А.Байтұрсынұлы пікірі С.Мұратбековке қатысты айтылғандай. Кемел суреткердің мықтылығын тану үшін түйсік, талғаммен тани білетін өре, кәсіби қырағылық керек екені белгілі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. С.Мұратбеков шығармашылық портретін сомдаған жазушылар қатарына Б.Майлин, Б.Соқпақбаев, М.Мақатаев, Қ.Ысқақ, Р.Тоқтаров, Б.Тоғысбаев, О.Сүлейменов т.б. жатады. Сыншы өз парасат-пайымының безбеніне салып, бірқатар қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар сөз зергерлерінің суреткерлік шеберлігін ашуға тырысады. Олардың жазушылық шеберлігін айқындау мақсатында, тұлғалық болмысымен қатар, шығармашылық зертханасына деңдей бойлайды. Әдеби қауымға белгісіз құпия қоймасын ақтарады, өзі білетін, көзімен көрген деректері негізінде салықалы, салмақты тұжырымдар жасайды.

Әдебиеттанушы Ю.Борев шығармашылық иесінің құндылықтар дәрежесін «қабілетті – өнерлі – дарынды – данышпан» басқышында қарастырғаны мәлім [2]. Сыншы С.Мұратбеков мақалаларында осы категориялар айқын көрініс тауып отырған. Тәуелсіздік дәуір көзқарасы тұрғысынан кеңес әдебиетін зерделеп, зерттеп, баға беруде жазушылардың стилі мен көркемдік шеберлігі зерделенген бұл еңбектердің маңызы зор. Соны ашып көрсетуде салыстыру, баяндау, талдау әдістері басшылыққа алынды. Тұлға типологиясындағы ең күрделі категория – шығармашылық адамы екенін отандық ғылымда теориялық тұрғыда зерделеген ғалым – А.Қалиева. Шығармашылық иесіне тән танымдық әрекеттердің қыр-сырын танып-білудің маңыздылығын көрсетті [3]. Әдебиеттің кенже қалған саласы саналатын сын жанрындағы зерттеулерге мән беру, жазушылардың сыни еңбектеріне объективті тұрғыда баға берудің бүгінде өзіндік дәстүрі қалыптасып келеді [4]. Ұлт жазушыларының әр кезеңдегі қызметі жаңашылдық пен бастамашылық сипатымен ерекшеленіп, қоғамның әлеуметтік-мәдени өркендеуіне серпін беретіндігі, соның нәтижесінде ұлт дамуына елеулі үлес қосқан тарихи тұлғалардың көпқырлы болмысы ашылып, маңызы арта түсетіндігі белгілі [5].

Талқылау мен бақылау. Б.Майлиннің қазақ әдебиетінің классигі, әңгіме жанрының атасы екендігі бүгінде дау тудырмайтын аксиомаға айналған. Сондықтан классик шығармашылығы қай қырынан қарастырылса да артық емес. «Гоголь шинелінен шыққанбыз» дейтін Достоевский мақамына салып Мұратбеков те бүкіл қазақ жазушыларын Майлин күлкісінен шыққан деуінің өзіндік мәні бар. Ауыл тақырыбына қалам сілтеген, тіпті әңгіме жанрына келген жазушының бәрі Бейімбет өнегесінен сусындағанын тамыршыдай тас басады. Шағын жанр шеберінің шығармашылық портретін жасау үшін жан-жақты ізденіп, жүзден аса прозалық туындысын оқып, әр туындысында екі-үш типтік кейіпкердің сомдалып отырғанын дәлелдейді. «Қайталанбайтын, сол бір шығармадағы бір көрінуімен ғана мәңгі жатталып есте қалатын толып жатқан бейнелер бүкіл қазақ

даласынан дабырласа жиналып кеп Бейімбет кітабында бас қосқандай. Әрқайсысының өмірі, тағдыры, мінез-құлқы, жүріс-тұрыстары, сөйлеген сөздеріне дейін «қазақпын, қазақпын» деп тұрғандай [6].

«Әлдебір шығарма жайлы ақтарылып отырып адал, әділ пікір алысу – өнер адамының көркем туындысы арқылы аңғарылған терең де ойлы сырын, өзіндік дара бейнесін тап басу; авторға деген жарқырап көрінген сүйіспеншілік, махаббат; оның бар арман-мұраты жүзеге асуына көмектесіп, бүткіл жан дүниесімен шығармасының мазмұн байлығына ену; тамаша өмір жырының нәрін бойға сіңіріп, ой-санаң, ақыл-құдіретіңмен жүрегің жарылғанша қуанып, салтанат құру, рахатқа бөлену; өкінішті, жасық, алдамшы бір дүние ұсынған авторға өз ортаңның наразылығы мен көңіліңнің күйінішін айқара жайып салып, ашу-ызанды бар болмысыңмен ағыңнан жарыла, ақтарылып отырып айту» [7, 184]. Қазақ даласының ұңғыл-шұңғылына дейін айрықша терең сезінгендіктен, сол кезеңдегі Мырқымбайлардың сөзін мен айтпасам кім айтар деген авторлық позициясын Мұратбеков сезе, тани, көре білді. Б.Майлиннің өзі қазанында қайнап жүрген аумалы-төкпелі заманның ащысы мен тұщысын, ақ-қарасын дәл танып анықтауды мұрат тұтқандығын бағамдады. Майлиннің қазақ кедейлерінің жиынтық образы болған Мырқымбайдың тағдырына қайшылықты тартыс, бүкіл бір дәуірдің, ескі мен жаңаның, арпалысқан кезеңнің күресін сыйдырған дарынын Мұратбеков әлем әдебиетінде сирек кездесетін құбылыс, жазушы шеберлігінің шыңы деген пікірге саяды.

Басын бәйгеге тігіп, қазақ даласындағы адам төзгісіз ауыр тұрмысты, ел басына түскен нәубет, қасіретті, жан түршіктіретін аштық зардабын бір емес бірнеше туындысында («Күлпаш», «Айт күні») бере білген Майлиннің батылдығын жоғары бағалайды. XX ғасыр басындағы заман шындығы қаз-қалпында берілген «Сексен сом» әңгімесінде тартыстан жапа шеккен жазықсыз кедейдің жан күйзелісімен қатар, большевиктердің қиянатынан титықтаған ел, жасқаншақ адамдарының қауқарсыз, аянышты әрекетін автор злым ауылнайдың жан түршігерлік жымсық әрекеттерімен қарама-қарсы суреттеген. Сонымен бірге қазақы мінезді сынға алғанын «мұндай қатал жолдарды халқын үлкен жүреппен сүйген, жақсысына қуанып, ит қылығына қатты күйінген ызалы жазушы» [6] ғана жаза алатынын дәл көрсетіп, Бейімбет Майлинді үлкен жүректі ұлы тұлға ретінде таныды. Жазушы жөніндегі С.Мұратбеков жазушы Б.Майлин шығармашылығына тереңдеу арқылы қазақ халқының дүниетанымында ұлттың рухани тереңдігін бейнелейтін ұлттық рух, ұлттық сана ұғымдарына айрықша назар аударып, мән-мазмұнын ашып көрсетті [8]. Ғылыми-танымдық маңызының артықшылығы да осында деуге болады.

Жаңаша сараптаудың соны стилін көрсете алған С.Мұратбеков жиырма бір жасында «Шұғаның белгісі» атты романтикалық сарындағы классикалық дүниені тудырып, зор талантын жарқыратып көрсеткен жазушыны «Томпыш» новелласымен танымал болған Ги де Мопассанмен салыстыра қарап, әдеби құбылыс деп баға береді. Қазақтың бар жақсысы өзгеден келген, аға әдебиеттен үйреніп, үлгі алған деген тенденция өршіп тұрған кезеңде мұндай компаративистикаға барған С.Мұратбеков те осал емес.

Кемел суреткер деңгейінен биіктей түспесе жаңыламаған жазушыны қанша жас болса да, әлеуметтік мәні зор үлкен тақырыптарды еркін игерген шығармашылық кекселігін Абайдың Әбдірахманға арнаған «жасқа жас, ойға кәрі едің» деген ойымен салыстыруға болады. «Шұғаның белгісі» – жазушылық шеберлігіне, талант қуатының құдіреттілігіне тәнті етіп, бір деммен оқылатын, оқиғасы жұп-жұмыр, кесек дүние. С.Мұратбеков бұл туындыны ғашықтық сезімі қаншалықты мөлдір, таза болса да, өмірі трагедиямен аяқталатын «Қозы Көрпеш - Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек» сынды дастандардың жалғасы ретінде қарайды.

Сарабал сыншы өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің өсу, өркендеу жолдарын шиырлай отырып, ұлт әдебиетінің шырқау биікке шығуына мұрындық болған таланттарды көріп, танып, бағалай білді. Соның ішінде, тағылымды, тартымды туындыларымен оқырман жүрегіне жол тапқан Б.Соқпақбаевтың туа бітті талант иесі екенін таныды. Оның туындыларын өзіндік сырлы бояуы бар, шуақты шыншыл шығарма санады. Салған беттен

оқушысын еліктіріп әкететін туындыларын талдай отырып, жазушының тым қарапайым көрінетін нық сөйлемінде тұнып тұрған деталь, штрихтарды сыйғыза білген бедерлі суреттерін айшықтайды. Бердібектің бір ғана шығармасымен шектелмей, барлығына ортақ іргелі сипатын ашып көрсетеді. Жазушы шығармасының басты қасиеттері ретінде тіліндегі албырт ойнақылықты, кейіпкерлерінің ұшқыр қиялшылдығы мен тапқырлығын, бай юморын, адамға деген шексіз махаббатын атап көрсетеді.

Көре алмаушылық пен іштарлықтың салдарынан көп уақытқа дейін балалар жазушысы деген атақтың көлеңкесінде қағажу көріп келген дарынды жазушының, ұлтымыздың рухани байлығына айналған шығармалардың авторының шын мәнінде халықтық жазушы екенін қалтқысыз таныды. Саясаттан сая іздемей, идеологиядан ықтамай өткен, оқырмандары да көп, әлем тілдеріне аударылған (16 тілге) шығармалары үлкен сұранысқа ие болса да «әдебиет сынымыз я ұқпады, я ұқса да таршылық жасап мойындағысы келмеді ме, әлде өрелері жетпеді ме, ... осынау жаңа қыры және мықты қыры, жаңа шыққан биігі онша қолдау таппай, еленбей, ескерілмей қалды. Сол баяғы «балалар жазушысы» дегенді басыңқырай айтып, «үлкендерге» арналған шығармалары соның көлеңкесінде болатын. Сезімтал жазушыға бұл әрине, ауыр тиетін» [9, 70].

Жазушының шығармашылық ғұмырының бағдарламасы іспетті «Бұлақ» атты өлеңдер жинағын атап көрсете отырып, дәл осы жинақтың автордың поэзияда байқап көрген сөз қадірі мен қасиетін поэзия безбенімен өлшеуді үйрене отырып, прозаның көркемдік биігіне еркін шырқап көтерілгенін меңзейді. Бердібек прозасының артықшылығы ретінде кеңес әдебиетіндегі жасанды форма мен жалаң схематизмнен бас тартып, жалған пафосқа бармай, тақырыптық сонылығы, идеялық жаңалығымен балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейткендігін баса көрсетеді. Соның ішінде жазушының «Балалық шаққа саяхат» повесі мен «Өлгендер қайтып келмейді» романын талдай отырып, онда көтерілген қадау-қадау мәселелерге герменевтикалық талдау жасайды.

«Қанмен жазғандай өмірден ойып алған жүз беттік шығармасы» – «Балалық шаққа саяхат» повесіне [9, 72] жасалған әлеуметтік талдауда қазақ жерінде 20-жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басында орын алған саяси-әлеуметтік жағдайды ашық суреттей отырып, ұжымдастыру кезінде орын алған келеңсіз оқиғалар, теңсіздік, адам құқығының тапталуы, күштілердің әлсіздерге жасаған қиянаты бағамдалады. Яғни, өзі өмір сүрген дәуір көрінісін боямасыз дәл береді. Соның ішінде бастықтың үйіндегі молшылық, қарапайым ауыл адамдары өмірінің, қиын жағдайының өзгеріссіз қалғандығы тек Б.Соқпақбаев ғана емес, С.Мұратбеков прозасында да кеңінен суреттелген. Осы тұста екі жазушының объектісі мен авторлық позициясы аралығында сабақтастық, үндестік байқалады. Мұратбековтың «Қызғаныш» әңгімесінде тоңмойын, дойыр колхоз председателі Дауылбай жалғыз сиырын асырай алмай, шөп сұрай келген почташы жесір әйелге шөп үйіліп тұрған өз қорасының маңындағы шашылған шөпті теріп жеуін ұсынса; Соқпақбаевта үш бірдей азаматы колхоз жұмысына жегілген қарапайым отбасы мүшелері аш құрсақ, күні бойғы қорегі – сұйық арпа көже, оның өзі бірде бар, бірде жоқ (бастықтың үйінде ақ түйенің қарны ақтарылып, ақ май төгіліп жатыр). Яғни, екі автор да социализм заманындағы коммунизмді күтіп, қиялға беріліп жүрген кеңес адамдарының тұрмыстағы теңсіздігін, қоспасыз, шынайы өмірін өлтіре сынға алады. Бірақ, екеуі де байқатпай, бала көзімен қараған болып, бала ойы, бала тілімен жеткізеді. «Баланың аузымен әзілдей отырып келеңсіздікті, адамды нақұрыс етіп қойған, қылышынан қан тамған системаны суреттейді. Нағыз реалист жазушының өзі өмір сүрген ортаға, қоғамға өшпестей етіп салған таңбасы осы болса керек» [9, 71].

Юморға бай жазушы стилін Марк Твен, Гоголь сынды юмористермен шендестіре талдайды, Бердібектің өзіне тән қайталанбас ұлттық қасиетін көрсетеді. Кейіпкерлерінің бәрі – ірі, ірі болатын себебі шыншыл. Қанатын аяусыз қырқып түсіретін қатал да қатыгез қоғамда өмір сүрсе де алған бетінен қайтпайтын, қиындыққа төзетін, қандай қысталаң шақта да әділдіктің ақ туын желбіретіп, қысастық көрсе де сенімінен, оптимизмінен айрылмайтын қайсар жандар, әділетсіздікпен қатар аштық, жалаңаштықты көрсе де сағы сынбайтын, тек алға ұмтылатын, адал болуды, басын кессе де шыншыл болуды мақсат еткен қайсар жандар.

«Балалық шаққа саяхат» повесінің заңды жалғасындай болған, қуат-қабілетін аямай жұмсаған кемел жазушының «Өлгендер қайтып келмейді» романы – қанша уақыт өтсе де ескірмейтін, өз оқырманын жоғалтпайтын өміршең, шынайы туынды. Елдің сынға түскен ауыр кезеңі – соғыс уақытындағы тыл өмірі суреттелген, әлі бұғанасы қатпаған баланың оқуды тастағанына колхоздың қуанатын, қатал өмір табалдырығын аттаған жастың қым-қуыт тірлігі.

«Мен аштықтан бұратылып өлер едім, бірақ сапасыз, ойластырылмаған дүние ұсынбас едім» дейтін Н.Гоголь секілді өнер мұраты, суреткер парызы атты асқақ ұғымды қастерлеген жазушы Б.Соқпақбаев таршылықта тарығып, қиыншылықта қысылып өссе де, күнделікті өмірінде, жұмыс орны, жазушылар арасында тек шындықты жақтап, бүгінгінің бәрі жалған, бәрі көзбояушылық, халықты алдау деп ашық айтып өтті. Өмір бойы қорқумен өтіп өлетін болдық қой, бір шындықты айтатын кез болмай ма екен. Халықты алдап болдық қой - деп шырқыраған жазушы жазуын да тым ерте тоқтатты. Оған себеп – шындықтың тұншықтырылуы, өзінің мылқау шешенге айналуына деген наразылық.

Осы романнан соң көп уақыт қалам тартпай кетеді. Себебін сұрағандарға: «жазушы тағдыры – ауыр тағдыр. Ол өмір құбылыстарын, қаны сорғалаған қоғам қайғы-қасіреттерін бетін бүркемей шынайы көрсетуі керек. Ал оған сенің қарым-құлашың жеткенмен, анық та айқын бейнелеуге мүмкіндігің бар ма? Мәселен, мына романыма кейіпкерлерді қиялдан туғызғаным жоқ. Өмірдің өз өзегінен ойып алдым. Оным өзіме ұнағанымен басқаларға, басшыларға ұнады ма? Қара бояуды қалың жаққасың деп көп жерін, тұздығы татиды-ау деген нағыз дәмді жерлерін сызды да тастады. Қанша шырылдадым. Жүрегімді жұлғаннан кем әсер еткен жоқ. Кім тыңдады, кім ескерді? Бүрге шаққандай болған жоқ. Басың байлаулы, аяқтарың тұсаулы болған соң, көретін күнің сол екен. Енді жазып қажеті не?» [9, 17].

«Тілін тістеген ақын тұншығып» (М.Әлімбаев), цензураның өткір қайшысына түсіп, мықтап күзелген шығармасына жаны ашыды. Жауапкершілігі күшті, азаматтық болмысы таза, суреткерлік интуициясы мықты жазушы кемеліне келіп толысқан шағында жазудан «жеріп» кетті (Б.Мұқай). «Ойлау жүйесі стереотиптеніп, кеңес идеологиясының құлақ кесті құлына айналған белсенділермен» (Б.Мұқай) күресуге құлқы болмады, дарыны тұсауланды. Ақиқатты баяндаса әлеуметке сөзі жетпейтінін, сүзгіден өтпейтінін түсінді. С.Мұратбеков халық басына түскен зұлматты көзімен көрген жазушының бұл наразылығы халқы мен заман алдындағы жауапкершілікті тереңінен түсінгендігінің белгісі екенін бағамдай алды. Бұл наразылық өмір шындығынан және өз тәжірибесінен түзілген мәні зор мазмұн, үлкен қорытынды екенін ұғынды.

Мұқағали ақынмен өндірдей жас кезінен таныс болған Сайын оны ақындығымен қатар көңілінде түк кірбің жоқ, аңқылдаған жігіт ретінде танып, кісілік қасиетін жоғары бағалады. Онымен бірге аңға шыққан кезіндегі оқиғаны негізге ала отырып «Біреу» атты әңгімесін жазды (1978). Сынның да алуан түрі болады. Ерекше шабытпен жазылып, оқырманның да сезіміне, көңіл-күйіне әсер етіп, сол туындыны оқуға ынтықтырар отты, жаңды сын болады немесе салқынқандылықпен жазылатын сын болады. Авторлық позициясы мен қуаты, сол жазушыға деген құрметі сезіліп тұрар сындар болады. Мәселен, С.Мұратбековтің Мұқағали ақынмен қалай танысып, кездескені жайындағы шағын ғана мақаласы «Біреу» әңгімесін оқуға жетелейді.

«Шығармашылық ұлы жолдың еңісіне қарай да, өріне қарай да шауып жүлделі болған ақтаңгер жүйріктің аршынды құлашын» танытатын жазушы Қ.Ысқақ шығармасының шынайылығымен оқырман жүрегін шымырлататын жазушы екендігі С.Мұратбеков назарынан тыс қалған жоқ. Сыншыға Қ.Ысқақ соғыс жылдарындағы қазақ аулының тұрмыс-тіршілігін суреттеген «Қоңыр күз еді» повесімен ғажап әсер етіп, жоқшылық жайлаған ауыл, ауыр тұрмыс, жетімдік көрген балаң шақ және балғын махаббаттың ояна бастауы, мұңға толы өмірдің сәулелі кезеңі біртіндеп өз тереңіне батырып, көңілді тебіrentкен күйге түсірді. Қарапайым суреттеу, жай көріністің өзімен сырлы жұмбақты, жас адам жүрегінің бұлақынысын, түкпір тереңде жатқан құпиясын, сезініп, ұғындыратын

туындының көркемдік жетістігі орасан. Автор қаламында қазақтың қара сөзінің келісті бір көркемдікке айналып, жан біткендей күйге түскенін көріп, жазушы талантының суреткерлік қасиетін зерделеді. Жазушылық шеберлігін, стиль ерекшелігін, мен мұңдалап тұрар ерекше сөйлемдерін, әсем өрнегін безбендеді.

Іздену-өсу жолында екенін дәлелдеген, Алтай өлкесін мекендеген кержақтар өмірін арқау еткен «Бұқтырма сарыны» повесінде – табиғат пен адамның өзара тығыз байланысын, табиғат ананың қатігез шағында адамның берілмес қайсарлығын, өмір үшін күресін нанымды суреттейді. Нақты байқағаны – Қ.Ысқақ туындыларының барлығы дерлік қарапайым халық өкілдерінің өмірінен алынғандығы. «Оның кейіпкерлері қай заман, қай қоғамдық дәуірде де жерге жақын жүрген, тек өз еңбектерімен ғана күнкөріс кешкен қалың бұқараның өкілдері. Олар үшін социализм де, капитализм де тек сөз жүзіндегі айырмашылықтары болмаса, іс жүзіндегі күнделікті тіршілігіне пәлендей өзгеріс енгізе алмайды» [10]. Сайында да дәл осындай.

Қ.Ысқақ прозасын әрі сурет, әрі сүлде жағынан қарастырған С.Мұратбеков тілі өрнекті, әуезді, лұғаты таза; мазмұн-мұраты адамзатқа ортақ дүние санап, «ақылдың аңдағанын, қиялдың меңзегенін, көңілдің түйгенін тілі дұрыс жеткізе алғандығын» [1, 256] дәлелдейді. Он бес жасында алғаш туындысы А.Нұрқатовтан тілі, көркемдігі тұрғысынан лайықты бағасын алғанымен, драмасы Қ.Сатыбалдин, өлеңдері С.Сарғасқаев тарапынан қатты сынға ұшыраған жазушы Бек Тоғысбаев білім ордасына келіп (ҚазМУ), М.Әуезов, З.Қабдолов, А.Тоқпановтардың дәрісін тыңдап, білімін, ой-өрісін кеңейткен соң жиырма жасында кейіпкері Өтеғали қарттың тағдыры мен табиғатқа деген іңкәр сезімін әсерлі баяндаған «Аққу көлі» атты әңгімесін жазды. Бұл әңгімеге Ш.Айтматов, Ә.Нұрпейісов жоғары баға берді. Жас болса да қоршаған ортаны қорғау проблемасына дендей еніп, сезімталдықпен келген, табиғат пен адам поэзиясын сезіне алатын қасиетке ие Б.Тоғысбаевты Ш.Айтматов жарқын дарын ретінде танып, оң батасын берсе; классик Ғ.Мүсірепов «жаңа талап, жас үміт» деп бағалайды. Әдебиет алыптарынан жоғары баға алғасын Тоғысбаев әр шығармасына асқан жауапкершілікпен қарап, майталман прозашыға айналады. Міне, жазушының шығармашылық ғұмырнамасындағы осы өсу, кемелдену жолдарымен, ерекшелігімен С.Мұратбеков таныстырады.

Ақын О.Сүлейменов шығармаларын орыс тілінде жазғанымен, бүкіл болмысымен қазақ ақыны, асқақ, рухты өр халықтың ұлы екендігін өзгелер де мойындаған (Н.Тихонов, Л.Мартынов, К.Симонов, М.Луконин, Б.Слуцкий, Д.Самойлов, т.б.). Олар Олжас ақын поэзиясындағы ұлттық даралықты, ақындық ерекшелігін бағалаумен қатар, поэтикалық ой мен екпіннің, образдың қуаттылығы, тақырып аясының кеңдігі мен сезім ұшқырлығына, шалқар шабытына, тегеурінділігіне тәнті болғандығын жарыса жазып жатты (Н.Тихонов). Расында ақын орыс тілінде жазса да, оның туындылары қазақ мәдениетімен ұласып, ұштасып, жыраулар поэзиясының айбынды дәстүр рухы сезілетіндігін С.Мұратбеков дәл тапты.

Тарих жөнінде ақиқат сөз айтып, айнымас шындықты қалпына келтіруге тырысқан еңбегіне «өлеңдеріндегі темір тегеурін, алмас қылыштай жарқылдаған өткірлік, бірде ұйтқытып дауылдатқан, бірде үйіріп құйындатқан дала табиғатының алапат күші, ең бастысы сол даланың еркін желіндей көшпелі халықтың қайсар мінезі ұлы бабалар дәстүрін еске түсіреді» деп баға берді [11]. Мұратбековтің қанында бар, бойын кернеген бабалар рухы ақын көкірегінен жаңа арна ашты деген пайымына Олжас ақынның бойындағы атойлап тұрған ұлтына деген махаббаты мен адами қасиеттері ықпал етті деуге болады. Оның «ақындығына қарап елін таны» деген азаматтық позициясын, профессионалдық мәдениетін аңғарды.

Сайын Олжас ақынның шығармашылық портретін сөз еткенде «Арғымақтар» атты жыр жинағын, «Аз и Я» кітабын және «Көшпелілер және мәдениет: қазақ эксперименті» (ЮНЕСКО курьерінде 1977 жылы жарияланған) атты мақаласын ғана алады. Өйткені, дәл осы еңбектер О.Сүлейменовтің адамзат алдындағы қазақ халқының орнын, қазақтың тарихы тереңде жатқан көне мәдениет иесі екенін дәлелдеп, адамзат тарихындағы орнын

ойып тұрып алып берген еңбектер болатын. Жас болса да кеңестік ғылымда қалыптасқан қазақ туралы жаңсақ, қиянатқа толы ғылыми тұжырымдарға тойтарыс бергенін және сол үшін көрген қиындықтарын тәптіштей баяндайды. Алған бетінен қайтпаған қайсарлығына, ұлты үшін күресе білген үлкен жүрегіне бас иеді. Тіпті, «Арғымақ» атты алғашқы жыр кітабымен таныс болғандығының әсерінен Олжасты алғаш көргенде адамның арғымағына ұқсатады. Олжастың өзге жаратылысты дара тұлға екенін таниды. Мамандығы геолог-барлаушы Қазақстан өлкесінен пайдалы кен іздеу жылдарында қазақтың тұрмыс-тіршілігі, дәстүр-салтымен етене танысып, өмір мектебінен өтеді. Жиырма беске жаңа толған жас ақынның алғашқы шығармасымен әлемдік поэзия көгінің ең жоғарғы төрінен орын алып, талант қуатымен дүниені таңқалдырып, әлем халқының алдында қазақ поэзиясы ғана емес, кеңестік поэзияның мәртебесін көтеріп, биікке көтергендігімен (Париж, Нью-Йорк университетінде) мақтанады.

Нәтижелер. С.Мұратбеков әдеби, танымдық, сыни мақалаларында өзі жақсы білетін, әріптес, дос ретінде араласқан беталысы бөлектеу, ой-толғамдары өткір де нық, белгілі бір биіктерді бағындыра алған шығармашылық иелерінің жазушылық шеберлігі, шығармашылық зертханасы жайында, көпшілік біле бермейтін қалтарыс тұстарын танытатын, қаламгерлердің болмыс-бітімі, қабілет-қарымы, ой-өрісі, таным-тағлымы, тұрмыс-тіршілігі жөнінде тың мәліметтер береді. Әдебиетті сүйгендіктен, өзі де ұлттық бояуды нысана етіп, қазақы құндылықтардың қадірін біліп, әр сөздің салмағы мен сөлін сезінгендіктен салиқалы ой айтады.

Уақыттың қатал сынынан сүрінбеген, кеңестік кезеңдегі идеологиялық талдаудан бөлек, жаңа ой, жаңа талдау автор мақалаларының көркемдік, эстетикалық талғам танымын танытады. Мәселен, кесек басталып, қызықты оқиға, сомдалған образдармен еліктіріп әкететін жазушы Б.Майлиннің опасыз тағдырына налиды. Кесапат кезеңге, қазағына бергенінен берері көп жазушыны кемел шағында мерт қылған зұлымдарға қарғыс айтады. Сол секілді Қ.Ысқақтың көркем прозада тудырған сүбелі дүниелеріне объективті бағасын береді. Жазу стилінің өзгешелігіне, тілінің шұрайлылығына әділ бағасын беріп, шығармашылық шеберлігі, өзіндік ерекшелігі, даралық сипаты жөнінде сүбелі ой айтады. Рухани кеңістіктегі Олжас Сүлейменов шығармашылығы жайында келісті сөз қозғайды.

С.Мұратбеков пайымынша, Ж.Бюффонның «Стиль – ол адам» деген пікіріне Олжас Сүлейменов шығармашылығы толық сай келеді. Оның шығармашылық стилі арқылы азаматтық болмысы, ұстанған бағыт-бағдары айқын көрінеді. Проблемалық өткір ой-толғаныстары, қаламгерлік көзқарасы мен азаматтық позициясын айқын танытады. Өзекті де ділгір мәселелерге дер кезінде белсене араласып, мақсатына жетпей тынбайтын көпелі тұлғасы айқындалады. Шығармашылық ғұмырындағы сүбелі еңбек, он бес жыл уақытын сарп еткен, ұзақ ізденіс, ғылыми терең толғаныс пен талмай зерттеудің нәтижесінде – «Аз и Я» кітабы жарық көрсе; «Игорь жасағы туралы жырды» зерттеуі – қиындығы, тартысы, дау-дамайы көп зерттеу. Себебі, үш ғасыр бойғы зерттеулер славян мұрасы деп таныған еңбекті (оның үстіне мыңдаған еңбектер жазылған) дешті қыпшаққа ортақ дүние ретінде санайды. Ғылыми диссертация тақырыбын «Игорь жасағы туралы жырдағы» түркізмдер» деп алып, жырды половец-орыс тілдері араласқан қостілді деп дәлелдеді. Кеңестік ғылыми орта үшін айыпты болған бұл ақиқат қазақ санасын сілкітті, талғамының тереңдігіне оқырманның көзін жеткізді. Ақын поэзиясы ауқымының кеңдігін, әлеуметтік салмағын, парасаттылығын, көркемдік қуаттылығын, ұшқырлығын еселеп, оны адамзаттың ақынына айналдырды. Тарихи сабағы мен тәлімі осында жатса керек.

Қорытынды. С.Мұратбековтің ойшылдық өресі көркем шығарманы талдау барысында байқалады. Зерттеу нысаны еткен әрбір тұлғаның стильдік даралығын тәпсірлейді, нақты талдаулар негізінде дарынның даралығын дәлелдейді. Әрбір туындысын зерделеуде ерекшелігін екшеуге тырысып, табиғатын тап басып таниды. Суреткердің әдеби процеске тигізген әсерін анықтап, ұлт әдебиетін өркендету жолындағы еңбегі мен рөлін айқындайды. Өзі жақсы, жетік білген, көзімен көргенін дүниесін жазғандықтан құнды. Әрбір мақаласында шығармашыл тұлғаның даралық сипатын пайымдау бағытын

ұстанғандықтан тұлғалық мәдениеттің бастауы сынды әсер етеді. Сауатты мін айтады. Әдебиеттің бағыт-бағдар, жөн-жосығын танып-білуге жол ашады.

С.Мұратбековтің әдеби-сын еңбектерінде талдау нысанына алынған тұлғалардың шығармалары кешенді түрде зерделенеді. Ол әрбір туындының идеялық мазмұны мен көркемдік құрылымын, образдар жүйесін, композициялық ерекшеліктерін біртұтас жүйеде қарастырып, шығарманың табиғатын дәл тануға ұмтылады. Зерттеушінің басты ерекшелігі – әрбір шығарманың өзіндік болмысын екшеп, жалпылама сипаттаудан гөрі, нақты көркемдік белгілер арқылы даралықты айқындауы. Бұл тәсіл ғылыми талдаудың нақтылығы мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, С.Мұратбеков қаламгердің әдеби үдерістегі орнын анықтауға ерекше мән береді. Ол белгілі бір автордың шығармашылығын жеке-дара қарастырумен қатар, оның ұлттық әдебиет дамуына қосқан үлесін, көркемдік жаңалықтарын, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығындағы рөлін саралайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуші еңбектері әдеби процесті тұтас жүйе ретінде түсінуге, оның ішкі динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Қаламгердің ұлт әдебиетін өркендету жолындағы еңбегін бағалауда тарихи-әдеби контексті ескеруі – оның ғылыми әдіснамасының маңызды қыры.

С.Мұратбековтің сыншылық қыры да ерекше назар аударады. Ол көркем шығармаға баға беруде сауатты, дәлелді пікір айтуға ұмтылады, кемшіліктерді көрсету барысында субъективтілікке жол бермей, ғылыми негізге сүйенеді. Оның сыни пікірлері әдебиеттің даму бағыттарын айқындауға, көркемдік талаптардың қалыптасуына ықпал етеді. Осы арқылы зерттеуші әдеби процестің сапалық деңгейін арттыруға өз үлесін қосады. Оның талдау әдістері, теориялық тұжырымдары мен практикалық пайымдары ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып, әдебиеттегі тұлғалық және көркемдік құндылықтарды танудың жаңа деңгейін қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 256 б.
2. Боров Ю.Б. Эстетика. Учебник. – Алматы: Национальное бюро переводов, 2020. – 408 с.
3. Калиева А. Көркем әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. Монография. – Алматы: Сейітжанова Ж.Д., 2012. – 200 б.
4. Ерсаинова А.Б. Сәбит Мұқановтың әдеби-ғылыми шығармашылығы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №2. – 2022. – Б. 110-116. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.11>
5. Несипбекова А.С., Смагулов Ж.К. Мағжан мен Сәкен: тұлғалар тұтастығы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №4. – 2024. – Б. 118-125. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.19>
6. Мұратбеков С. Үлкен жүректі ұлы тұлға // Алматы ақшамы. 1994, 11 шілде. – Б. 11.
7. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.34: Әдебиеттану және әдеби сын (1960-1990). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2014. – 408 б.
8. Dalelbekkyzy A.; Bisengali Z.-G.; Toledubayeva A.; Zhanat A.; Baitanasova K.M. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. Analele Universităţii din Craiova. Istorie, Anul XXIV. No 1(35)/2019. – P. 105-115. URL: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285140900>
9. Мұратбеков С. Шындықты ғана жазған. Кітапта: Жұмбақ жазушы. Бердібек Соқпақбаев туралы естеліктер. – Алматы: Service Press, 2024. – 236 б.
10. Мұратбеков С. Қуатты дарын // Қазақ әдебиеті. – 2005, 25 наурыз (№12). – Б 4-5.
11. Мұратбеков С. Халқын асқақтатқан ақын // Егемен Қазақстан, 1996, 17 мамыр. –Б. 7.

Д.К. ИБРАГИМОВА, С. АСЫЛБЕКҰЛЫ, Г.Б. ТОКШЫЛЫКОВА

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ПИСАТЕЛЬ САИН МУРАТБЕКОВ КАК ЛИТЕРАТУРНЫЙ КРИТИК

Аннотация. В статье рассматриваются критические статьи Саина Муратбекова, вошедшего в золотой фонд мировой литературы своими выдающимися произведениями «Запах полыни» и «Дикая яблоня». Его критические статьи являются индикатором не только высокого интеллекта автора, но и ярким примером аналитического мышления. В критических работах писателя С. Муратбекова прослеживается эрудиция, логичность изложения, чёткость суждений.

Научная новизна исследования заключается в том, что впервые изучены критические статьи С. Муратбекова, имеющие глубокую научность и четкую гражданскую позицию. В своих работах он рисует творческий портрет таких писателей, как Б. Майлин, Б. Сокпакбаев, М. Макатаев, К. Ыскак, Р. Токтаров, Б. Тогысбаев, О. Сулейменов. В критике, обращая внимание на мастерство каждого писателя в создании сюжета, С. Муратбеков определяет также их место в национальной литературе. Создавая литературные портреты, критик оценивает творчество и честно пишет о произведениях искусства, открывших художественный горизонт для мировой литературы.

Ценность статей Муратбекова в том, что он сумел раскрыть творчество каждого писателя, о котором говорил, проникнуть в глубины его сознания. Используя методы рассуждения, анализа, сравнения и обобщения, авторы пытаются раскрыть уникальные и неповторимые познания критика, широту его рациональных мыслей и точность его выводов. Результаты исследования могут быть использованы при написании работ по критическому мышлению, в творческих лабораториях, а также на курсах «Критика казахской литературы» и «Казахская литература».

Ключевые слова: творческий портрет, исследовательский интеллект, личность, лаборатория, личность, типология

D.K. IBRAGIMOVA, S. ASSYLBEKULY, G.B. TOKSHYLYKOVA

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

WRITER SAIN MURATBEKOV AS A LITERARY CRITIC

Annotation. The article examines the insightful critical qualities of Sayyn Muratbekov, who entered the golden fund of world literature with his outstanding works “The Smell of Wormwood” and “Wild Apple Tree”. His critical articles are an indicator not only of the author’s intelligence, but also of a clear, strong tendency, a keen eye for talent, a brilliant example of the study of intelligence. A skilled writer, distinguished by common sense and erudition, possesses a logical structure of thought and clear judgments.

Critical articles by Muratbekov, a classic of children’s literature, translator and prose writer, have not been the subject of research until now. The scientific novelty of the study lies in the fact that for the first time critical and educational articles by S. Muratbekov, which have deep scientific character and a clear civic position, have been studied. In his articles, revealing the essence, individuality and abilities of Kazakh writers, linking their opinions with the artistic spirit of works, demonstrating their innate research acumen, he paints a creative portrait of such writers as B. Mailin, B. Sokpabayev, M. Makatayev, K. Yskak, R. Toktarov, B. Togysbayev, O. Suleimenov. The critic, paying attention to the mastery of each writer in creating a plot, to the truth of human life and characters, also determines their place in national literature. Creating a literary portrait of creative personalities, the critic evaluates everything and tells the truth about works of art that opened the artistic horizon for world literature. The value of Muratbekov’s articles is that he was able to reveal the essence of each writer he spoke about, to penetrate into the depths of their work, to see them with his own eyes, to be alone

with them, to know the subtle layers of their souls, secrets inaccessible to the general public. Using methods of reasoning, analysis, comparison and generalization, the authors try to reveal the critic's unique and unrepeatable knowledge, the breadth of his rational thoughts and the accuracy of his conclusions. The results of the study can be used when writing papers on personal thinking, in creative laboratories, as well as in the courses "Criticism of Kazakh Literature" and "Kazakh Literature".

Keywords: creative portrait, research intelligence, personality, laboratory, typology.

References

1. Baitürsynұлы А. Alty tomдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: El-şejire, 2013. – 256 б.
2. Боров И.В. Эстетика. Учебник. – Алматы: Национальное бюро переводов, 2020. – 408 с.
3. Kalieva A. Kөrkem әдебиет: шығармашылық тұлға және психологизм. Monografia. – Алматы: Seitjanova J.D., 2012. – 200 б.
4. Ersainova A.B. Cäbit Mұқанovтың әдеби-ғылыми шығармашылығы // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №2. – 2022. – Б. 110-116. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2022-4.11>
5. Nesipbekova A.S., Smagulov J.K. Mağjan men Säken: tұлғalar tūtastyғы // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №4. – 2024. – Б. 118-125. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-4.19>
6. Mұratbekov S. Ülken jürekti üly tұлға // Алматы ақшамы. 1994, 11 шілде. – Б. 11.
7. Klasikalyq zertteuler: Kөp tomдық. T.34: Ädebiettanu және әдеби syn (1960-1990). – Алматы: Ädebiет әлемі, 2014. – 408 б.
8. Dalelbekkyzy A.; Bisengali Z.-G.; Toleubayeva A.; Zhanat A.; Baitanasova K.M. National code: Metaphysics and unity of historical consciousness. Analele Universită Ńii din Craiova. Istorie, Anul XXIV. No 1(35)/2019. – P. 105-115. URL: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56285140900>
9. Mұratbekov S. Şyndyqty ғана jazған. Kіtapta: Jұmbaq jazuşy. Berdibek Soqpaqbaev turaly estelikter. – Алматы: Service Press, 2024. – 236 б.
10. Mұratbekov S. Quatty daryn // Qazaq әдебиеті. – 2005, 25 наурыз (№12). – Б 4-5.
11. Mұratbekov S. Halqyn asqaqtatqan aqyn // Egemen Qazaqstan, 1996, 17 мамыр. –Б. 7.

Авторлар туралы мәлімет:

Ибрагимова Дина Қыдырбекқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

Ибрагимова Дина Кыдырбековна – докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Ibragimova Dina Kydyrbekovna – doctoral student of Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Асылбекұлы Серік – филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан.

Асылбекұлы Серик – доктор филологических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Assylbekuly Serik – Doctor of Philological Sciences, Professor at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

Тоқшылықова Гүлназ Базарбайқызы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Токшылықова Гульназ Базарбаевна – доктор философии (PhD), старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Tokshylykova Gulnaz Bazarbaevna – Doctor of Philosophy (PhD), senior lecturer at Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.